

## ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

**Еркебаев Б.Қ.**

*В этой статье автор рассматривает перспективы развития фондового рынка Казахстана в условиях мировой финансовой нестабильности. Несмотря на кризис мировой финансовой ликвидности, лидерство Казахстана в Центрально – Азиатском регионе и даже в СНГ (кроме России), в области развития финансовых рынков остается несомненным.*

*In this article the author considers prospects of development of the share market of Kazakhstan in the conditions of world financial instability. Despite crisis of world financial liquidity, leadership of Kazakhstan in It is central – the Asian region and even in the CIS (except Russia), in the field of development of the financial markets remains doubtless.*

Әлемдік қаржылық өтімділік дағдарысына қарамастан Қазақстанның қаржы нарықтарының дамуы саласы бойынша Орталық – Азия аймағында және сондай-ақ ТМД (Ресейден басқа) елдерінің арасында көшбасшылығы сөзсіз.

Әлемдік қаржы нарықтарындағы тұрақсыздық жағдай Қазақстан қор нарығының дамуына өзінің әсерін тигізді. Эмитенттер дәл қазіргі уақытта қор нарығына шығуды тиімсіз деп есептейді, өйткені акциялар құны төмендеуде, ал инвесторлар мұндай анықсыздық жағдайында бағалы қағаздарды сатып алмай, олардың құнының төмендеуін күтіп отыр. Бірақ мұндай жағдай ұзаққа бармай, тұрақтануы керек.[1]

Қазақстандық кәсіпорындар қосымша қаржы ресурстарын тарту үшін қор нарығының мүмкіндіктерін қолданбауда. Қазіргі таңда елімізде тіркелген 260 000 компанияның 130-ы ғана эмитенттер болып табылады, яғни қор нарығы арқылы ресурстарын тартады. Бұл қызмет етуші компаниялардың 0,05%-ын құрайды деген сөз, ол өз кезегінде толыққанды қызмет етуші қор нарығына жеткіліксіз.

Қазақстанның экономикалық өсуін тежеген несиелік дағдарыс инвесторлар үшін акциялар нарығында жақсы мүмкіндіктер құрды. Егер бұрын көптеген қазақстандық компаниялар қаржыландыру көзі ретінде банктік несиелер мен облигацияларды қолданған болса, онда қазір несие алу мәселе болып табылады.

2007 жылдың тамызында басталған ғаламдық өтімділік дағдарысы Қазақстандық қор нарығына үлкен кері әсерін тигізді. Кейбір дербес жағдайларда, Қазақстанның қор биржасының эмитенттерінің нарықтық капиталдандыру көлемі, 2007 жылдың маусым айында жеткен шыңынан (100 млрд.долл. шамасында), 2008 жылы қараша айының басында жобамен 3,3 есе төмендеді. KASE Shares акциясының индексі 2007 жылдың басынан 2,4 есеге төмендеді, ал 2007 жылы шілде айының ортасында жеткен максималды мәнінен 2,96 есе түсімді көрсетті. [2]

Қазақстандық қор нарығын дағдарыс кезеңінде қарастыра отырып, оның бірнеше негізгі ерекшеліктерін белгілеуге болады. Біріншіден, қазақстандық нарық ол, әлемдік құлау және ауытқу көшбасшыларының қатарында болды.

Екіншіден, Қазақстан ең алдымен мұнай шығаратын ел болса да, қордың көрсеткіш түсімі басқа шикізат экспорттаушы елдерде сияқты 2008 жылдың

көктемінде емес, 2007 жылдың жазында басталды. Бұл түсім Қазақстан банктерінің бағалы қағаздарының котировкасының түсуімен байқалды, оған себеп АҚШ ипотекалық дағдарысы болып табылады. Ал жоғарыда аталған Қазақстандық қор индексінің мұндай динамикасы отандық нарық құрылысының ел экономикасының құрылысына сәйкес келмеуі болып келеді. Қазақстан қор биржасында, биржа акцияларының индексіне, тіпті Лондон қор биржасының депозиттік құрылысында ең өтімді бағалы қағаздар – бұл шикізат экспорттаушы компаниялардың емес, ал банктердің қағаздарын көрсетеді. Осының салдарынан қаржылық сектор проблемасы дағдарыстың басты көзі болып табылады, осыдан келе бүкіл қор нарығының төмендеуіне әкелді.

Үшіншіден, Қазақстандық нарық өзінің салалық шектеулілігінің әсерінен осы сыртқы шоктарға көбірек әлсіздік көрсетті, өйткені 2007-2008 жылдардағы дағдарыс барысында көбірек зардап шеккендер қатарына қаржылық және өндіруші компаниялар болып отыр. Ал, бұл компаниялар Қазақстанның акция нарығының негізін құрайды. Осылайша, Қазақстандық қор биржасының индексіне 2008 ж. қараша айына сегіз эмитент болды, оның бесеуі – банктер (БТАБанк, БанкЦентрКредит, Қазақстан Халық Банкі, Казкоммерцбанк және Темірбанк), ал екеуі – тау кен өндіруші компаниялары (Қазақмыс және ҚазМұнайГаз) және тек қана бір эмитент (Қазақтелеком) қалған барлық экономиканы көрсетті. Бұл дегеніміз, қор нарығында «баспана» активтерінің жоқ болуы. Яғни, жаһанды күйзеліс кезінде инвесторлар құралдарына «жай айлақ» ретінде болар еді. Мұндай баспаналар болып ішкі сұранысқа бағытталған компаниялар акциялары және әлемдік конъюктураға азырақ тәуелді болу керек, бірақ Қазақстандық нарықта «Қазақтелекомнан» басқа өтімді бағалы қағаздар жоққа келеді.

Әлемдік дағдарыс жағдайында қаржылық сектор ғаламдық экономикада ең ауқымды зардап шеккен болып табылады. Қазақстандық банктердің акциялары жоғары қысым жағдайында тұрды, әсіресе Лондондық қор биржасындағы БТАБанк және Казкоммерцбанк акциялары өзінің максимумынан 6 есе арзандады. Қазақстанның дағдарыс соққысын бірінші болып алуына Қазақстандық банк жүйесі әлемдік экономикамен ықпалдастыққа ең жақын жүйенің бірі болғандығы себеп болған. Дағдарысқа дейін Қазақстан банктерінде әлемдік капитал нарығына шектеусіз мүмкіндік болды, яғни шетелдік арзан капиталды тарту бағытында жүрді. [3]

Жоғарыда келтірілген мәселелерге қарамастан, Қазақстан қор нарығы өзінің дамуы үшін үлкен потенциалға ие. Қор нарығының жетік дамуына сондай-ақ, Алматы өңірлік қаржы орталығының тікелей Қазақстан Республикасының Президентіне бағыныштылығы және билік пен артықшылықтарға ие болуы үлкен жағдайлар жасайды.

Алматы өңірлік қаржы орталығын реттеу Агенттігі эмитенттердің нарыққа шығуына байланысты шығындарын төмендете отырып, Қазақстан қор нарығына компаниялардың келуін ынталандырады.

Біздің ойымызша, дәл қазіргі уақытта, яғни банктік несиелеудің қиындығы пайда болуын есепке ала отырып, отандық компаниялардың қор нарығына шығуына оңтайлы уақыт келді.

Қазақстан қор нарығының дамуын белсендіру үшін мемлекет ұлттық компаниялардың акциялар пакетін нарыққа шығаруға ынталандыру керек.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қор нарығының дамуы үшін ең алдымен, «көгілдір фишкалар» нарығы болуы қажет.

Қазіргі таңда, яғни 2008 жылдың 1 маусымынан бастап эмитенттер үшін жаңа листингтік талаптар енгізілді. Листингтік талаптар акциялар, облигациялар және басқа да қарыздық құралдар секторына бөлінді.

Акциялар биржаның даму стратегиясына сәйкес үш типке бөлінді: blue chips («көгілдір фишкалар») акциялары – KASE индексі есептеулер үшін қолданылатын 12 шамасындағы эмитенттер, mid cap (орташа капитализацияланған компаниялар) – эмитенттердің негізгі жиыны және start up - өсуші компаниялар тобы. [4]

Облигациялар секторы да екі негізі топқа бөлінді: белгілі бір рейтингке ие облигациялар және рейтингке ие емес облигациялар.

Сонымен қатар, Қазақстан қор нарығы тек қана жергілікті инвесторлардың ресурстары есебінен дами алмайды. Осыған байланысты, жергілікті нарыққа қазақстандық қор нарығын дамытуға әрекеттендіретін халықаралық инвесторлардың капиталдарын тарту маңызды. Қазіргі таңда, инвесторлар көп жағдайларда тікелей салымдарға қызығушылық танытады, мысалы, супермаркеттердің дамуына, цемент бизнесіне, астық индустриясына және т.б.

Қазіргі таңда экономиканы қор нарығы арқылы реттеу керектігін мойындау уақыты жетті, себебі қор нарығы барлық нарық субъектілерінің қаржы ресурстарының экономиканың болашағы бар салаларына тиімді құйылымын қамтамасыз ете алады.

Қазақстан қор нарығы жергілікті инвесторлар ресурстарымен ғана дами алмайды, ол жеткіліксіз. Осыған байланысты жергілікті нарыққа Қазақстан қор нарығын дамытуға мүмкінді беретін сыртқы инвесторларды тарту маңызды болуда. Қор нарығына жеке капиталды келуді ынталандыру үшін инвесторларды эмитенттер жайлы барлық керек мағлұматтармен қамтамасыз ететін қор нарығын құраушы аналитикалық және ақпараттық деңгейді жоғарылату қажет.

#### **Әдебиеттер:**

1. Weekly Europe (UK) Brent Blend Spot Price FOB [http:// tonto.eia](http://tonto.eia)
2. Rating Direct. Standart & Poor's, 2007. [http:// www.standardandpoors.com](http://www.standardandpoors.com)
3. Текущее состояние рынка ценных бумаг Республики Казахстан на 1 января 2008 года. [www.afn.kz](http://www.afn.kz)
4. Текущее состояние рынка ценных бумаг Республики Казахстан на 1 января 2009 года. [www.afn.kz](http://www.afn.kz)